

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ
МӘЖІЛІСІНІҢ №__2__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22.12. 2025 жыл

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. Тұрлыбеков Қайратбек Аманжолович- аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Губайдуллин Мурат Габидуллиевич- З.ғ.к., аға оқытушы

3. Иманбекова Маншук Мажитқызы- PhD., аға оқытушы

4. Мергенбаев Ержан Пернеханович- З.ғ.к., аға оқытушы

5. Кожамбеков Дәулет Рысбекұлы- PhD., аға оқытушы

6. Алимбаева Ақтолқын Алмасханқызы- аға оқытушы;

7. Жадигерова Айжамал Қайрылаевна- докторант;

8. Сайлау Бақдәулет Сырымұлы- магистрант;

9. Құрманбек Диана Ерболатқызы- студент;

10. Тасболатова Гүлнара Қанайқызы- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім алушылардың білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу.
2. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу барысына мониторинг жасау.
3. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық және т.б. практикалардың белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.
4. Қараша, желтоқсан айларында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін комиссия отырысында талқылау.

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелері мен ОӘК төрайымы А.Алимбаева мониторинг бойынша баяндамалар тыңдалды. Комиссия мүшелері: Губайдуллин Мурат Габидуллиевич- З.ғ.к., аға оқытушы, Иманбекова Маншук Мажитқызы- PhD., аға оқытушы, Мергенбаев Ержан Пернеханович- З.ғ.к., аға оқытушы, Кожамбеков Дәулет Рысбекұлы- PhD., аға оқытушы ОӘК төрайымы А.Алимбаева ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне қатысты жүргізілген мониторинг нәтижесімен таныстырды.

Кафедралардағы силлабустарға жасалған мониторинг оқу нәтижесіне тікелей байланысты толық еместігін көрсетіп отыр. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу нәтижесіне жету үшін пәннің оқу нәтижесі айқын болуы қажет, сондай-ақ пәннің оқу нәтижесіне жету үшін қолданылатын әдістер мен сабақ

түрлері нақты көрсетілуі тиіс. Қазіргі таңда кейбір ОПҚ силлабустарында пәннің оқу нәтижелері нақты көрсетілгенімен, тақырыптар мен сабақ түрлері сол нәтижелерге толық сәйкес келмейді. Осыған байланысты силлабустардың құрылымын өзгерту қажет екендігі атап өтілді. Мәжіліске қатысушылар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар берілді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

1.1. Мониторинг нәтижесі тиісті шешім қабылдау үшін факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің қарауына ұсынылсын
(жауапты: комиссия төрағасы Қ.А.Турлыбеков).

1.2. Пәннің оқу нәтижесіне қол жеткізу бойынша сәйкессіздіктерді жою мақсатында силлабустардың құрылымын өзгеру жөнінде профессор-оқытушылар құрамына әдістемелік семинар ұйымдастыру туралы ұсыныс берілсін (жауапты: кафедра меңгерушілері).

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша факультеттің ОӘК төрайымы А. Алимбаева баяндама жасады. Ол білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу барысына жүргізілген мониторинг нәтижелерін таныстырды.

2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде ашық сабақтар мен үлгілік сабақтар өткізілгені, олардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау мен талдау үшін пайдаланылғаны атап өтілді. Ашық сабақтардың оқу нәтижелері айқындалып, талдау жүргізілді, тиімді ұйымдастырылды.

Сонымен қатар аталған іс-шаралар университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынылды.

Факультетте 2025–2026 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында ОӘК-ке арналған ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер жоспарға сәйкес өткізілді. Факультет деңгейінде ұйымдастырылған семинарлардың негізгі мақсаты – заманауи оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеру және қолдану дағдыларын дамыту.

Семинарлар бойынша есептер, хаттамалар, скриншоттар мен материалдар жинақталды. Өткізілген семинарлардың ішінен бірқатары озық тәжірибе ретінде факультет және университет деңгейінде таратуға ұсынылд

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

1. Қылмыстық құқық кафедрасы

Кафедрада сабақтарда кеңінен қолданылатын негізгі әдістердің бірі – **проблемалық оқыту**. Бұл әдіс арқылы студенттер мәселені талдау, гипотезалар ұсыну және логикалық ой қорыту дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар **кейс-әдіс (case study)** кеңінен қолданылады. Бұл әдіс студенттерге нақты тәжірибеде, нақты құқықтық шешімдермен басқаруды талдауға мүмкіндік береді.

Кафедра пәндері бойынша әртүрлі ашық дәрістер ұйымдастырылады. Оларға басқа кафедра оқытушылары, ғалымдар, тәжірибелі мамандар және кәсіби сала өкілдері шақырылады.

2. Конституциялық құқық және азаматтық құқық кафедрасы

Кафедрада **интерактивті оқыту әдістері** кеңінен қолданылады. Бұл әдістер студенттердің белсенді қатысуын, пікір алмасуын және талдау жасау қабілетін арттыруға бағытталған. Контекстік оқыту технологиясы арқылы студенттердің жеке қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беріледі, олардың кәсіби құзыреттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

2025–2026 оқу жылында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану арқылы білім алушылардың оқу және оқу нәтижелерін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді. 2025–2026 оқу жылында білім алушылардың оқу және оқу нәтижелерін бағалаудың тиімділігін арттыру мақсатында оқытуда заманауи технологияларды қолдану әдістемесі негізінде инновациялық әдістер мен технологиялар енгізілді. Оқу нәтижелері факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің механизмдері арқылы талданып, қорытындыланды.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

2.1. Білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің қарауына ұсынылсын

(жауапты: комиссия төрағасы Қ.А.Турлыбеков).

2.2. Үздік деп танылған ашық сабақтар мен әдістемелік семинарлар университет деңгейінде озық тәжірибе ретінде таратуға ұсынылсын, сондай-ақ оларды ынталандыру шаралары қарастырылсын
(жауапты: ОӘК төрайымы А. Алимбаева, кафедра меңгерушілері).

3. Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша кафедра меңгерушілері білім беру бағдарламалары аясындағы оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық және өзге де практикалар бойынша ақпарат ұсынды.

Факультетте бекітілген білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практика түрлері 2025–2026 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес көктемгі семестрде жоспарланған.

Практика базаларымен келісімшарттар жасасу, қолданыстағы келісімшарттарды жаңарту, кейбір мекемелермен ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау мәселелері, сондай-ақ шетелдік студенттер үшін практика базаларын анықтау және халықаралық шарттар жасасу бағытындағы жұмыстардың жүргізіліп жатқаны атап өтілді.

Практика құжаттарының, оның ішінде бағдарлама, тіркеу журналы, жолдама, есеп формасы және басқа да қажетті құжаттардың толық әрі сапалы дайындалуы, практика бұйрықтарының уақытылы шығарылуы, практика базаларымен тұрақты байланыс орнату қажеттілігі кафедра меңгерушілеріне тапсырылды.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

3.1. Білім беру бағдарламалары бойынша оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық және өзге де практикалардың белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын кафедра меңгерушілерінің қатаң бақылауына алу.

3.2. Практикаларды тиісті деңгейде ұйымдастыру бойынша мәселелер факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларында өтетін отырысының күн тәртібіне енгізу
(жауапты: комиссия төрағасы Қ.А.Турлыбеков).

4. Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы Қ.А.Турлыбеков баяндама жасады.


Баяндамада қараша–желтоқсан айларында факультетте өткізілген іс-шаралардың қорытындылары қарастырылып, олардың бірқатарына тоқталды. Атап айтқанда:

- факультетте профессор-оқытушылар құрамының қатысуымен бірнеше әдістемелік семинарлар мен ашық сабақтар өткізілді;
- 2025–2026 оқу жылында бітіруші курс білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау формасына сәйкес кешенді емтихан бағдарламалары әзірленіп, бекітілді;
- 2025–2026 оқу жылында бітіруші курс білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау формасы ретінде кешенді емтихан сұрақтары, жоба (жұмыс) жазуға арналған тақырыптар айқындалып, бекітілді;
- 2025–2026 оқу жылына арналған бітіруші курс білім алушыларының қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы анықталып, бекітілді;
- 2025–2026 оқу жылының көктемгі сессиясына арналған емтихан сұрақтары бойынша мониторинг жүргізілді.

ШЕШІМ ЕТІЛДІ:

4.1. Қараша–желтоқсан айларында атқарылған жұмыстар назарға алынсын және олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.

Мәжіліс төрағасы:



Тұрлыбеков Қ.

Хатшысы:



Жадигерова А.